

# INTERNATIONAL CONFERENCE BUILDING CULTURAL BRIDGES

Integrating Languages, Linguistics, Literature,  
Translation and Journalism into Education



I TOM  
VOLUME I

V-“МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДАФЫ ТІЛ, ӘДЕБИЕТ,  
АУДАРМА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ” АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦІЯ



April, 25-27 / 2013

<b>Қазақ тілтану ғылымындағы окказионал сөздердің мәселесі</b>	
Дәрібаева Г.	120
<b>Қазақ антропонимдерінің уәжділік негіздері</b>	
Дүйсебекова Ж.	124
<b>Аңыз-әңгімелердегі бекет ата бейнесі</b>	
Мамедалиева А. И.	128
<b>Қазақ ауызша тілінің өзіндік сипаты</b>	
Мамбетова Ж.И.	133
<b>Қазіргі тіл біліміндегі ұрдістер мен дәстүрлі бағыттар</b>	
Джумабаева А. А.	138
<b>Қазақ жарнама мәтінінің стильдік сипаты және белгілері</b>	
Солтанбекова Ф.Ә.	141
<b>Этнографизмдер – ұлттық тіл мен мәдениетті танудың танымдық ілі («қобыланды батыр» жыры бойынша)</b>	
Советова З. С.	146
<b>Әскери атаулардың тілдік сипаты мен ерекшеліктері</b>	
Жүсіпова Б., Сыдықбаева А.	151
<b>Фразеологизмдердің қолданысы</b>	
Күшібар А. Б.	156
<b>Қазақ тіліндегі көнерген аталымдардың қолданылу өрісі</b>	
Өтемісова Г. Ж.	161
<b>Ұлттық мәдени атаулардың мәні (зергерлік бұйымдар)</b>	
Дилдабекова И. А.	167
<b>Француз – қазақ тілдеріндегі өлшемдік ұғымды білдіретін сөз</b>	
<b>трактеріне этнолингвистикалық сипат.</b>	
Қарымсақова Қ.	170
<b>Тестінің топтастырылуды және сапалық сипаттамасы</b>	
Алимсакова Г.П.	174
<b>Қазақ тіліндегі синонимдердің зерттелуі және жасалу жолдары</b>	
Бегалиева Л.Б.	179

тестілеу

ий. М.,

системы

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИНОНИМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Л.Б. Бегалиева

ф.ғ.к., доцент

Халықаралық Бизнес Академиясы

Қазақстан, Алматы

Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер бастауы тереңде жатыр. Түркітанушылар зерттеуі – өз алдына үлкен іргелі еңбектер. Ал қазақ тілінің лексикология саласының ғылыми түрдө зерттелуі кеңес дәүірінен, ғылымның бір жолға қойылуынан басталды. А. Байтұрынов алғашқы тіл білімінің мәселелерін оқу құралдарын, оқулықтар жасау, жазу жүйесін ретке келтіру, терминдерді қалыптастыру мақсатындағы алғашқы шараларды іске асырды. Қазақ тілінің лесикологиясының құрамында қарастырылатын термин сөздерді ретке келтіру қазақ тілі ғылымының бір жүйеге түсіріп алушың негізгі көзі болды. XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ тілінің жалпы мәселелері туралы ғалым I. Кеңесбаев мынадай пікір айтады: «Қазақ тіл білімі дамуының болашагын дайындаған, сонымен бірге ана тіліндегі агарту ісін шын мәнінде дүниеге әкелген жылдар. Олай болатыны – халықтың сауатсыздығын жою, үлттық терминологияны жасау, оқулықтар шығару, мемлекеттік істі ана тілінде жүргізу сияқты шараларды жүзеге асырудагы алғашқы адым осы жылдардан басталды» [1, 49 б.]. Одан кейін қазақ тіл білімінің дамуында орын алатын ғалым K. Жұбановтың қазақ терминологиясына қосқан өзіндік үлесі бар. Ғалым түрлі ғылым салаларына тән термин сөздерге, әсіресе, кірме сөздерге қосымшаның қалай жалғануы керек жайлы пікірлері құнды саналады [2, 34 б.]. Ал 1940 жылдары қазақ тілінің фонетика және грамматика саласында теориялық мәселелер көтерілді. Бұл жылдары тіл білімінің синтаксис саласы бойынша С. Аманжоловтың, Н. Сауранбаевтың, С. Жиенбаев, М. Балақаевтың еңбектері жарық көрсе, морфология саласының жекелеген сөз таптары бойынша А. Ысқақовтың, І. Мамановтың, F. Мұсабаевтың еңбектерін атап етуге болады.

Ғылыми пән ретінде оқытылмай, бұрын зерттелмей келе жатқан тіл білімінің саласы лексикология еді. Тіл білімінің бұл саласы 40 жылдардың екінші жартысы мен 50 жылдарға тұра келді. Бұл жылдары қазақ тілінің тарихы мен диалектологиязы зерттеу нысанына айналды. С. Малов пен Н. Сауранбаевтың қазақ (туркі) тілінің тарихы туралы зерттеулер жасса, диалектология саласында С. Аманжолов, Ж. Досқараев сынды ғалымдар жергілікті тіл ерекшеліктерін, лексикалық ерекшеліктерді, олардың әдеби тілде қолданылатын сөздермен синонимдік қатар құрайтынын сөз етеді. Сонымен бірге 1950 жылдары синонимге, олардың мағыналық ерекшеліктеріне қатысты біраз ой-пікірлердің Н. Сауранбаев, I. Кеңесбаев, F. Мұсабаев сынды алғашқы тіл зерттеушілерінің еңбектерінде синонимдер жайлы үстірт қарастырылғаны Ә. Болғанбаевтың зерттеуінде айтылып етеді.

Түркологиядағы синоним мәселесіне қатысты жарық көрген еңбектер

тілдегі синонимдік құбылыстың жалпы сөз таптарына байланысты қарастыр айналған. Қазақ тіл білімінде лексикалық синонимдерді алғаш зерттеғалым Ә. Болғанбаев болды. Синоним сөздер, олардың магынала синонимдік қатардың тізбегі, синонимдердің жасалуы жайлы жүйелі зертте айналуы, ғылыми айналымға енуі Ә. Болғанбаевтың есімімен ты байланысты. Фалым зат есімді синонимдерді зерделей келе, олардың қаси мен заңдылығын, мән-мағынасын, түрлерін түгел қамтып көрсетіп б алмайды деп санайды. Себебі әр сөз табының өзіне тән ерекше грамматикалық заңдылығы, өзгеру жүйесі бар екендігін сөз ете келіп: «Қа тіліндегі синонимдерге қатысты барлық мәселені тубегейлі зерттеп, егж тегжейіне дейін тәптіштеп түгел шешіп беру мәселеесін» 1970 жылы жақ көрген «Қазақ тіліндегі синонимдер» еңбегінде негізгі мақсат ретінде алғаны басты шешім болмайды деп есептейді [3, 5 б.]. 1962 жылы тұңғыш рет жақ көрген «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі» 4500-ге жуық жеке сөз, яғни 14 ден астам синонимдік қатарды қамтыған. Ал соңғы 2007 жылғы С. Бизақов авторлығымен жарық көрген «Синонимдер сөздігінде» 3800-дей синоним қатар еніпті. Бұл жартығасыр ішіндегі синоним сөздердің сөздік құрамының толықтырғанын, сондай-ақ қазақ лексикологиясының дамығандығын көрсет Жалпы фалымдардың еңбектерін қарасақ, олардың барлығы да синонимде анықтама беруден бастаған. Синонимдерге анықтама беруде әр автор әр тү белгілерге сүйенеді. Мысалы, орыс тіл білімінде Л.А. Булаховский, И. Фаворин, синонимдер мағынасы жағынан тен сөздер десе, Р.А. Будагов жақақ тіл білімінде К. Аханов, Ә. Болғанбаев синоним сөздер мағын жағынан сәйкес келіп, бір ұғымды білдіреді дейді. Ал Е.М. Галкина-Федој К.В. Горшкова, Н.М. Шанский синонимдер стилистикалық және мағына реңктері арқылы айқындалатын сөздер деп тұжырымдайды. Ә. Болғанбаев еңбегінде Н.Т. Сауранбаев, И. Кеңесбаев, Ф. Мұсабаев, К. Аханов сығалымдардың синонимге берген анықтамаларын саралай келе, тіл синонимдерге тән белгілерді санамалап көрсетеді. Жалпы тіл білім танылып жүрген 1) сөздің сырт формасында аз да болса, өзгешелігі бс шарт; 2) сөздер бір ғана ұғымды білдіруі шарт; 3) синоним болып жұмсалға сөздер бір сөз табына қатысты болуы шарт деген үш түрлі шартқа қосы мынадай белгілердің болуын дұрыс деп санайды:

1) бір сөз табынан болған синонимдердің бірынғай грамматикалық тұл келуі; 2) бір синонимдік қатарға енген сөздер сөйлем ішінде алма келгенмен, бір қызметті атқарып, бір сөйлем мүшесі ретінде танылуы кере [5 б.]. Негізгі зерттеу нысаны синонимдер болғандықтан, фалым мұр белгілерді тап басып тани алған.

Көне түркі және орта түркі жазба ескерткіштерінің тілі тури түркітанушылар мен қазақ фалымдарының зерттеулері негізінде бірі авторлар F. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтың «Көне түркі ж ескерткіштерінің тілі» (1971) [5], К. Мұсаевтың «Лексикология тюрк языков» (1984) [6] еңбектерінде синонимдер жайлы, олардың көне түркі ж ескерткіштерінде кездесетіні туралы, сонымен бірге орта дәүірдегі, ұлт бс қалыптасқанға дейінгі және кейінгі кезеңдердегі шығармалар,

синонимдердің қолданылуы жайлышты молынан жазды. Дегенмен, синонимдердің берілу сипаты тек құрылымдық түрғыдан ғана көрсетілді. Олар танымдық, болмыстық түрғыдан зерттелмәді.

Бабаш Әблілқасымов «Әблілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі» атты еңбегінде шежіреде бірката бірінің орнына бірі жұмсалатын сөздерді мысалға келтіреді: жазу – біті (бітіг тастар – жазу жазылған тастар деген көне түркі тіліндегі кездесетін тіркестермен салыстырып көруге болады), қалық – бұлғун, ау – ав, аб (аң аулау мағынасындағы сөз), сүйек – омақ (қойдың үмесі деген тіркеспен салыстырып көруге болады) және т.б. бірінің орнына бірі жұмсалатын сөздер кездеседі. Бұл еңбекте көне түркі тіліндегі басқа мағына, қазіргі қазақ тіліндегі өзге мағынада жұмсалатын сөздердің де кездесетіні айтылады. Мысалы, “Шежіреде” кездесетін арқа сөзі үрпақ, үрім-бұтақ мағынасында жұмсалады: “Бізің ұлұғ атамыз һалаку хан Мұғұлстандын келкенден бері екі үч арқа өтді”, “Тоқызы арқа болғұнча шондағ болғай” [7, 63 б.]. Сондай-ақ тілімізде үрпақ сөзіне берілген анықтамаларда артындағы үрпағы, арқасында (артында) қалған түқ, сонын жалғастырап үрпақ деген секілді тіркестермен түсіндірілетіні белгілі. “Шежіреде” қарындас және сіңлі сөздері бір-біріне синоним ретінде жұмсалғандығын зерттеуші атап көрсетеді. Оны мынадай мысалдармен дәйектейді: «Хамар текен Хорезм шаһының анасы Тұрқан хатұнның қарындашы ерді аны Үркенічде хәкім қылыб ерді. Екісінің бір-біріне неч қарындашлық болмас ерді». Бұл мысалдан көретініміз, қазіргі әдеби тілімізде тек ер адам тарапынан айтылатын қарындас сөзі ескерткіште ағайын, тума деген кең мағынада қолданылады. Сол секілді сіңлі сөзінің ол кездегі мағынасы қарындас сөзі секілді жақын туған кіші бауыры деген мағынада жұмсалғандығы да осы зерттеуде айтылады. “Әбулхайыр ханның хатұны Ғабдол латиф мырзаның сіңлісі еркен дүр”. Бұл сөз әйел адамдардың бір-біріне қатынасын білдіріп қана қоймай, бір туған адамдардың жасы кішісін де білдірген. Ғасырлар койнауында қарындас, сіңлі сөздерінің жынысына қарамай бірге туған бауыр мағынасында жұмсалса, қазіргі қазақ тіліндегі де екі лексема бір-бірінен ажырамай, бір синонимдік қатар қураганы байқалады.

Синонимдер сөздігіндегі сөздік мақалада: Қарындас, сіңлі. Бір анадан туылған бауырлардың жасы кіші қызы. Оның Жібек дейтін қарындасы Таңкенттің политехникалық институтында оқиды (F. Сланов). Ертеңіне Баян Қозының келгенін шешесіне, сіңлісіне айтып, олар келіп, оңашада Қозымен көрісіп амандасты (С. Сейфуллин) сипатында беріліп, мұнда тек әйел адамдарға қатысты мағынасы қалғандығы көрінеді [8, 339 б.]. Ортақ түркі тіліндегі бұл сөздердің мағынасы кең түрде жұмсалған: В.В. Радлов бұл сөздің қарандаш = қарындаш деген варианттарының қатар жұмсалғанын көрсетеді. Ондағы мағынасы туысқандар, бір туғандар түрінде беріледі. Ары қарай тарата берсе, мағыналарының көпқырлылығы байқалады: ер қарындасы – брат мужа; қарындас катын – жена брата; кат қарындасы – шурин, брат жены; кыс қарындас – сестра; ұл қарындас – брат деген мағыналарының танымдық қыры тіптен ерекше [9, 157-172 бб.]. Қарындас деген сыйдық мағыналы сөз заттық ұғымға ауысып, семантикалық тәсіл арқылы транспозицияланып тұр. Атрибутивті мағынаның субстантивтенуі тілімізде өте көп. Бір қарында

«Қазақ т  
синоним  
болды.  
есімдер  
тілі. Ле  
Б. Сагы  
ғалым I  
М. Сері  
және мо  
стістік  
М. Әуез  
А.Ә. Ос  
ғалым ғ  
Ұлтты  
жайлы с

1 Ке  
2 Ж  
3. Бс  
4. Бс  
5. ,  
ескерткі  
6. М  
7. Ә  
Алматы  
8. Би  
9. Ра  
10. .

The  
formatio

жатқан, бір аナンЫң құрсағында жаратылған деген сыйдық мағына синтетикалық тәсіл арқылы алғашқы сыйдық мағынаны тудырып, сөз мағынасын дамыттып, жаңа атау тудырып тұр. Ал қазіргі қазақ тілі түргысынан қарындас, сіңлі сөздерінің мағыналары тарылған деп есептейміз. Мағынаның тарылуы да мағыналық даму деп аталады.

Демек, жылдар жылжыған сайын сөз мағынасының өзгеруі тілдің дамуының айқын көрінісі. Қанша уақыт өтсе де, қарындас, сіңлі сөздерінің когнитивтілігі өз мәнін жойған жоқ. Мағыналық өзгеруге түскенімен, уәжділік сипаттарының бір қыры, яғни антропоцентристік танымның бір ізі, табы қалғандығы көрініп тұр.

Ғалым Б. Әбілқасымов Әбілгазы ханның «Түркі шежіресі» еңбегіндегі фразеологизмдердің синонимдік, антонимдік және көпмағыналы түрлерін ажыратады. Қол қойды // ат салды; аман беру // ел болу // аузы бір болу; қабыл қылу // аузына бағу // сөзін жыға білмеу; аузы ала болу // дүшпандық оты жану // жау болу; қайран болу // таң қалу сияқты синонимдік фразеологизмдердің мағыналық ерекшеліктерін, құрылымдық сипаттарын, ұғымдық жақындықтарын қарастырады [7, 88 б.]. Кез келген жырдағы синонимдер жайлы жазылған ақпараттарда тек синонимдердің тізімі беріледі де, олардың ұғымдық табигаты жайлы сөз болмайды. Ол еңбектердегі синонимдер жайлы мәліметте сипаттамалылық басымдық танытады. Синонимдердің жасалуының когнитивтік мәніне назар аударылмайды. Синонимдердің жасалуы мен олардың когнитивтік мәніне соңғы жылдары назар аударыла бастады десек те, біздің зерттеу нысанымызга айналып отырған тақырыбымызға қатысты мәліметтерді сирек кездестіреміз. Бұл біздің зерттеу нысанына айналып отырған мәселе міздің жаңа қырын айқындайды.

Ғылыми еңбектерден байқағанымыздай, соңғы жылдары синонимдерге, олардың жасалуына, синонимдік қатарларға қатысты материалдардың аздығынан, дәлірек айтсақ, когнитивті мәніне қатысты ғалымдар пікірлерінің аздығы да зерттеуіміздің өз шешімін табуына әсерін тигізіп отыр. Тақырыптың өзектілігі түргысынан алғанда, бұл, әрине, дау туғызбайды. Десек те, зерттеу жұмысымызға ғалымдар пікірінің қосар үлесі де мол болған болар еді. Қазіргі шетел, әсіресе, орыс лингвистикасында синонимдерді зерттеуге байланысты жаңа ой-пікірлердің туындағанын байқаймыз. Тіпті орыс лингвистикасында грамматикалық корсеткіштердің синонимдік жағдаятына дейін гылыми зерттеулердің арналғанына көзіміз жетті. Бұл қазақ тіл білімінің қайта жаңа, өрлеу дәүірін басынан кешіп жатқандай әсер қалдырады.

«Синонимдес сөздер өзара мәндес сөздер болғанмен, олардың мағыналық жақтан қалай да бір айырмашылығы болады. Екіншіден синонимдес сөздердің бір-бірінен өзара айырмашылығы қолданылу ыңғайына қатысты стильдік айырмашылық түрінде ғана болуы мүмкін. Синонимдес сөздердің мұндай жақтары стильде түрлендіре ажыратылып, айқындалады», – дейтін К. Ахановтың пікірі гылым үшін құнды [10, 125 б.]. Қазақ тіл білімінде синонимдерді алғаш терең зерттеген, тамаша еңбек жазған ғалым Ә. Болғанбаев. Ғалымның 1957 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер» атты зерттеу еңбегінен бастап, «Қазақ тіліндегі синонимдер»,

«Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» атты еңбектері жарық көрген. Ә. Болғанбаев синонимге алғаш толық анықтама берген, жүйелі зерттеген ғалымдардың бірі болды. Лексикалық синонимдерді зерттеген ғалым Ә. Болғанбаевты, сын есімдер синонимиясы туралы зерттеген ғалым Ф. Оразбаеваны, Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. 1-бөлімінде синонимдерді жан-жақты зерттеген ғалым Б. Сағындықұлын, фразеологиялық синонимдердің мәселелерін қарастырган ғалым Г. Смағұлованы, синтаксистік синонимдерді зерттеуші ретінде ғалым М. Серғалиевті, қазақ тіліндегі есімдік атауларының лексика-семантикалық және морфологиялық құрылымын зерттеген ғалым Б. Қалиұлын, қазақ тіліндегі етістік синонимдердің семантикалық және стилистикалық сипатын М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы етістіктер негізінде зерттеген ғалым А.Ә. Османованы, қазіргі қазақ тіліндегі зат есімнің стилистикасын зерттеген ғалым Ф.М. Мұсабекованы атап өтуіміз қажет.

Ұлттық тіліміздің синонимдерге бай екендігін бүгінгі күнге дейін синоним жайлы сөз қозгаган кез келген ғалымдар атап көрсеткен болатын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Кеңесбаев И. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954. – 154 б.
- 2 Жұбанов К. Қазак тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Фылым, 1966.
3. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы: Мектеп, 1970.
4. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер. – Алматы, 1957.
5. Айдаров Г., Құрышжанов Ә., Томанов М. Қоңе түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971.
6. Мусаев К. Лексикология тюркских языков. – Алматы: Мектеп, 1984.
7. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның “Түркі шежіресі” және оның тілі. Алматы: Арыс, 2001. – 246 б.
8. Бизаков С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.
9. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий: в 4-х т. – СПб., 1886.
10. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993.

#### **Summary**

The article deals with the study and description of synonyms in linguistics and formation of synonymous words.